

**Кәсіподақ мүшелері мен балалардың жазғы демалысын
ұйымдастыру бойынша мүшелік ұйымдардың
2024 жылғы жұмысының қорытындысы туралы
АҚПАРАТ**

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы және Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары қызметінің негізгі бағыттарының бірі – жұмыскерлер (қызметкерлер) мен олардың балаларының жазғы уақытта демалысын ұйымдастыру.

2024 жылы жазғы демалысты ұйымдастыруға мүшелік ұйымдар **1 656 636 759** теңге, оның ішінде **25 436** кәсіподақ мүшелерін сауықтыруға **1 571 299 579** теңге, **5 031** баланы сауықтыруға **85 337 180** теңге қаржы жұмсады.

Жазғы демалыс бойынша салыстырмалы талдау

Кезең	Демалыспен қамтылған кәсіподақ мүшелерінің саны	Сома тг.	Демалыспен қамтылған балалар саны	Сома тг.	Жалпы сома тг.
2023 ж.	24 562	1 373 726 157	5 846	108 590 504	1 482 316 661
2024 ж.	25 436	1 571 299 579	5 031	85 337 180	1 656 636 759
Айырма шылық	+874	+197 573 422	-815	-23 253 324	+174 320 098

2024 жылдың қорытындысы бойынша ең көп қызметкерлерді сауықтырған кәсіподақ ұйымдары: Жамбыл – 5 441 адам, Шығыс Қазақстан – 3 020 адам, Ақмола – 2 246 адам, Ақтөбе – 2 107 адам, Солтүстік Қазақстан – 2 066 адам, Қызылорда – 1 701 адам, Жетісу – 1 213 адам, Павлодар облыстық кәсіподақ комитеті – 1 098 адам.

Кәсіподақтар федерациясының санаторийіне (шипажайына) жолдама сатып алуға ең көп қаржы жұмсаған: Жамбыл – 177 млн. теңгеден астам, Атырау – 120 млн. теңге, Қызылорда – 105 млн. теңге, Түркістан – 98 млн. теңге, Ақтөбе – 96 млн. теңге, Павлодар – 93 млн. теңге, Батыс Қазақстан – 90 млн. теңге, Абай – 76 млн. теңге, Ақмола облыстық кәсіподақ ұйымдары – 73 млн. теңге, Астана қаласының кәсіподақ ұйымы – 71 млн. теңге.

Кәсіподақ мүшелерін сауықтыруға бөлінген қаражаттың ең көп мөлшері:

№	Кәсіподақ ұйымы	Сома (теңге)
1.	Жамбыл	297 515 700

2.	Ақтөбе	213 863 600
3.	Қызылорда	114 907 000
4.	Ақмола	105 289 490
5.	Павлодар	99 360 100
6.	Шығыс Қазақстан	90 849 367
7.	Атырау	84 448 717
8.	Батыс Қазақстан	75 857 500
9.	Солтүстік Қазақстан	75 504 200

2024 жылы сауықтырудан өткен білім саласы қызметкерлерінің жалпы санынан 1 242 149 772 теңгеге Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының шипажайларында 7 485 адам немесе 29,4 % сауықтырылды.

2023 жылмен салыстырғанда шипажайларға сатып алынған шипажайлық жолдамаларының саны 695-ке артты.

Жұмыскерлердің (қызметкерлердің) ең көп саны: «Көктем» – 1 259, «Меркі» – 1 225, «Манкент» – 1 075, «Сарыағаш» – 975, «Сосновый бор» – 927, «Мойылды» – 787, «Жаңақорған» – 783, «Щучинский» – 447 шипажайларында сауықтырылды.

Кәсіподақ мүшелерінің демалыспен қамтылған балалар саны 2023 жылмен салыстырғанда 815 адамға азайып, **85 337 180** теңге бөлінді.

Жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша жазбаша түсіндірмені кәсіподақ ұйымдарының жалпы санының жартысы ғана ұсынды. Көпшіліктің ақпараты, бұрынғыдай, кестелік материалдарда көрсетілген сандық деректерді ұсынумен шектеледі.

**Орталық Комитет аппаратының
Ұйымдастыру жұмыстары бөлімі**